

## **Баспасөз шығармаларының тексеру және міндетті даналарын жіберу тәртібі туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1992 жылғы 22 маусымдағы N 548. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Полиграфия кәсіпорнына, сондай-ақ көбейткіш аппараттары бар (бұдан әрі "полиграфия кәсіпорындары" деп аталады) мекемелер мен ұйымдарына өздері әзірлеген құпия емес баспасөз шығармаларының тексеру даналарын басылымдарды жарыққа шығаруға рәсімдеуге дейін қосымшаға сәйкес тегін жіберу міндеттелсін.

Қызмет бабындағы басылымдар мен материалдар, қатаң есеп беру құжаттары және осыларға теңестірілген материалдар жіберуге жатпайды.

2. Республикалық "Қазақкітап" бірлестігі республикалық баспалар мен полиграфия кәсіпорындары шығаратын баспа өнімдерінің міндетті ақылы даналарымен республика кітапханаларының олардың толықтыру үшін кітапхана коллекторларын қамтамасыз ететін болсын.

3. Республикалық баспаларға және басылым шығаратын бұйымдарға өздерінің тапсырыстары бойынша шет елдерде басылған баспасөз шығармаларының тегін берілетін тексеру даналары мен ақылы берілетін міндетті даналарын осы өкімнің 1 және 2 тармақтарында көзделген тәртіпте мекемелер мен ұйымдарға жеткізіп беру міндеттелсін.

4. Полиграфия кәсіпорындары мен баспалар баспасөз шығармаларын ұзақ мерзімге сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кітап палатасына жіберілетін кітаптардың тексеру даналарын полиграфиялық үлгілі сапада орындап басып шығаратын болсын.

5. Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне баспасөз шығармаларының тегін берілетін тексеру даналарын жіберу және пайдалану тәртібін сақтауды бақылау жүктелсін.

6. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1987 жылдың 3 желтоқсанындағы N 533 "КСРО Министрлер Кеңесінің 1987 жылдың 30 қазанындағы N 1228 "Баспасөз шығармаларының тексеру және міндетті даналарын жіберу тәртібін одан әрі жетілдіру туралы" қаулысын жүзеге асыру туралы" қаулысы;

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1989 жылдың 20 ақпанындағы N 69 "Қазақ

КСР Министрлер Кеңесінің 1987 жылдың 3 желтоқсанындағы N 533 "КСРО Министрлер Кеңесінің 1987 жылдың 30 қазанындағы N 1228 "Баспасөз шығармаларының тексеру және міндетті даналарын жіберу тәртібін одан әрі жетілдіру туралы" қаулысын жүзеге асыру туралы қаулысына ішінара өзгерістер енгізу туралы" қаулысы күшін жойды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1992 жылғы 22 маусымдағы  
N 548 қаулысына  
Қосымша

**Құпия емес баспасөз шығармаларының тегін тексеру  
даналары жіберілетін министрліктердің, ведомстволардың,  
мекемелер мен ұйымдардың  
Тізімі**

түрлері	Баспасөз өнімдерінің	Даналар	
1	2	3	саны
Қазақстан Республикасы Президентінің және Министрлер Кабинетінің Аппараты	барлық тілдегі кітаптар, альбомдар, кітапшалар, альманахтар, журналдар, респуб. ликааралық, республикалық және облыстық газеттер		3
Қазақстан Жоғарғы Кеңесі			1
Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігі		аз таралымды, қызмет бабындағы басылымдардан басқа барлық кітап басылымдары, кітапшалар сондай-ақ Баспасөз заңына сәйкес берілетініне қарамастан республикааралық, республикалық газеттер мен журналдар	2

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	Қазақстан Республикасының тер- риториясында орналасқан қоғам- дық және діни бірлестіктер шығаратын барлық кітап басылым.- 1 дары, кітапшалар, буклеттер, газеттер мен журналдар
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кітап палатасы	барлық тілдегі кітаптар, альбом.- дар мен олардың екінші таралымы, 1 оқулықтар, барлық мерзімдік басылымдар, сондай-ақ қызмет құжаттарынан (бұйрықтар, нұсқаулар) басқа қызмет бабына байланысты таратуға арналған басылымдар
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы	құлақтандыру мен екінші таралым- дағы, сондай-ақ ұсақ-түйек баспа 1 өнімдерінен, қызмет бабына бай.- ланысты басылымдардың өзге басылымдардың барлығы
Республикалық кітап музейі	Қазақстан Республикасы территория.- сында орналасқан полиграфия кәсіп.- орындары шығарған барлық кітаптар, 1 кітапшалар, альбомдар, буклеттер, открыткалар, плакаттар
БҰҰ жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты уәкілдігі	"Егеменді Қазақстан","Казахстанская 1 правда" газеттері
Қазақстан Республикасының Москвадағы Өкілетті уәкілдігі	1
"Кітап палатасы" ғылыми- өндірістік бірлестігі (Москва)	бүкіл кітаптар, альбомдар, кітап.- шалар, альманахтар, журналдар, 1 республикааралық, республикалық газеттер
Халық депутаттары облыстық Кеңестері	осы облыс территориясында шығатын облыстық, қалалық, аудандық және 1 көп таралымды газеттер
Республикалық баспалар басылымдар	осы баспа шығаратын барлық 6
Баспасөз туралы заңдылықты сақтауды бақылау жөніндегі	осы облыс территориясындағы полиграфия кәсіпорындары шығаратын 1

облыстық инспекциялар

барлық басылымдар, ұсақ-түйек  
баспа өнімдерінен, "қызмет бабында  
пайдалану үшін" деген белгісі бар  
қызмет материалдары мен басылым.-

дарынан басқасы

Облыстық әділет басқармалары

осы облыс территориясында

орналасқан қоғамдық және діни

1

бірлестіктердің барлық басылымдары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК